

**Әскери қызметті өткеру кезінде қаза тапқан немесе мертігу (жаралану, жарақат алу, контузия), ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілердің мәйіттерін жеткізуді әзірлеуге, мәйіттерін жеткізуге, жерлеуге, құлпытас дайындауға және оны орнатуға байланысты шығыстар туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 ақпандағы N 174 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 493 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.04.19 № 493 (алғаш рет ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Әскери қызмет өткеру кезінде қаза тапқан немесе мертігу (жаралану, жарақат алу, контузия), ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілердің мәйіттерін жеткізуді әзірлеуге, мәйіттерін жеткізуге, жерлеуге, құлпытас дайындауға және оны орнатуға байланысты шығыстар айлық есептік көрсеткіштің сексен еселік мөлшерінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*